«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука». – 2015. – **Т.1, ч.2**. - С.203-204

# ТЕРРИТОРИЯНЫҢ КЕШЕНДІ РЕСУРСТІК ПОТЕНЦИАЛЫН БАҒАЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ

***Даутов М.Е.***

Территорияның жалпы ресурстік потенциалы өндірістің ойдағыдай дамуының, сонымен бірге оның экономикалық тиімділігін және бәсекелестік қабілеттілігін арттырудың басты шарттарының бірі. Осыған себепті қазіргі кезде оны бағалау аса маңызды ғылыми-әдістемелік мәселе болып табылады.

Территорияның жалпы ресурстік потенциалы негізінен екі құрамдас бөліктерден тұрады деуге болады:

- табиғи факторлармен себептелген ресурстік потенциал;
- әлеуметтік-экономикалық факторлармен себептелген ресурстік потенциал.

Біріншісі, зерттеу объектісінің (қарастырылатын территорияның) климаттық жағдайларымен, жергілікті топырақтың сапасымен, жер беті және жер асты суларымен, ландшафттың ерекшеліктерімен және басқа да табиғи жағдайларымен себептеліп отырады.

Екіншісі, қарастырылып отырған аймақтың қоныстану жүйесіне, еңбек ресурстарымен қамсыздандырылу деңгейіне, территорияның әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдарымен жабдықталуына және т.с.с. байланысты.

Дегенмен шаруашылықтардың экономикалық көрсеткіштеріне бір қатар басқа да факторлар ықпал жасайтыны белгілі. Бұларға, бірінші кезекте, ауылшаруашылық өндірісінің территориялық аспектіде реттестірілуі жатады. Демек, ауылшаруашылық өндірісінің өндіргіш күштерінің кеңістікте орналасу сипатына қатысты жағдайлар. Бұл проблеманың бір ерекшелігі – аймақтың ресурстық потенциалын оның территориялық жағынан пайдалануын ұйымдастырумен қабыстыра қарастыру қажеттілігі. Осы міндеттің инженерлік-экономикалық тұрғыдан тиімді шешімін іздестіріп табу жалпы агроөндірістің экономикалық тиімділігін сезетіндей арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан территорияның кешенді ресурстік потенциалын кеңістік аспектісінде дұрыс бағалау қолданбалы тұрғысынан маңызды жобалық міндет болып табылады. Осы орайда көтеріліп отырған мәселенің айтарлықтай ғылыми жаңашылдығы бар екенін атап өткен қажет.

Территорияның кешенді ресурстық потенциалын бағалау ісін, көптеген зерттеулердің нәтижелері бойынша, табиғи жағдайлардан бастаған жөн, өйткені олар әлеуметтік-экономикалық факторларға қарағанда алғашқы және тұрақты болып табылады.

Қарастырылып отырған жалпы ғылыми-әдістемелік міндетті жүзеге асыру бір қатар маңызды жеке міндеттерді орындауды талап етеді. Соңғыларын орындау, өз кезегінде, арнайы осы мақсатқа қажетті әдістемелік реттілікте жүзеге асырылуға тиісті. Біздің ойымызша, территорияның жалпы ресурстік потенциалы келесідей әдістемелік жүйелілікте анықталуға тиісті:

1) зерттеу тақырыбының шеңберіндегі ғылыми-әдістемелік әдебиетті жүйелеп талдау және керекті қорытынды шығару;

2) сол территорияда орналасқан ауылшаруашылық өндірісінің параметрлерін ( салалық құрылымын, мамандандырылғандығын, көлемін және т.с.с.) талдап зерттеу;

3) зерттеу объектісінің ауылшаруашылық кәсіпорындардың өндірісіне ықпал жасайтын табиғи - климаттық жағдайларын анықтау, олардың әсер ету күшін бағалау;

4) территорияның әлеуметтік-экономикалық факторларын (қоныстану жүйесінің сипаты, шаруашылықтардың жұмыс күшімен қамсыздандырылу деңгейі, аймақтың әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдарымен жабдықталуы және т.б.) анықтап бағалау;

5) табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларды бағалау нәтижелерін пайдалана отырып, территорияның кешенді ресурстік потенциалын анықтау.

Жоғарыда айтылғандай, территорияның кешенді потенциалын бағалау міндетті түрде территориялық факторлармен қабыстырыла қарастырылуға тиісті. Соңғыларына келесілерін жатқызуға болады:

- шаруашылықтардың жалпы ауданы, ауылшаруашылық алаптарының түрлері мен үлес салмақтары, соңғыларының өндірістің салалық құрамына сәйкес болуы;
- жер пайдаланушылықтардың, өндірістің тиімділігіне теріс әсер ететін, кеңістік кемшіліктері (алабарлық, шалғайжерлік теңбілдеулік және т.б.);
- шаруашылықтардың сервистік орталықтарына қарай орналасуы;
- олардың өндірістік орталықтарынан қашықтығы;
- территорияның ландшафттық ерекшеліктері.

Қарастырылып отырған факторларды айқындап ескеру және осының нәтижелері арқылы территорияның ресурстік потенциалын бағалау оларды кеңістікте дұрыс орналастыруға, экономикалық мүмкіншіліктерін тиімді жоспарлауға толығырақ жағдай жасайды. Бұнда басты мәселе - осы факторларды сенімді түрде бағалау әдістемесін іздестіріп табу.

Қарастырылып отырған территориялық факторлардың ықпал жасау деңгейі бірдей емес. Мысалы, көптеген зерттеулердің нәтижелері бойынша жалпы өнімнің көлеміне шаруашылықтардың жалпы ауданы жоғары ықпал жасайды. Сонымен бірге өнімнің өзіндік құны шаруашылықтың орналасуынан айтарлықтай тәуелді екен. Бұнда, бірінші кезекте, транспорттық шығындардың көлемі негізгі роль атқарады. Осымен бірге ауылшаруашылық өнімдердің сапасы топырақтың территория бойынша таралу сипатымен және оның құнарлылығымен себептеледі.

Сонымен, қарастырылып шыққан территориялық факторлардың тікелей немесе жанама түрде ауылшаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігіне елеулі түрде әсер ететіні сөзсіз. Дегенмен мәселе оларды, территорияның кешенді ресурстік потенциалын бағалау барысында, өзара байланысты түрде зерттеуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Московская Н.О. Землеустройство крупных зерновых сельскохозяйственных предприятий в условиях рынка «С.Сейфуллин атындағы КАТУ» АҚ-ның 50 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Астана, 2007 ж., 86-88 б.

2.Даутов М.Е. Территорияны жерге орналастыру мақсатына ресурстік потенциалы бойынша аймақтау мәселелері – С. Сейфуллин тағылымдары-10, Халықаралық теориялық- тәжірибелік конференцияның материалдары, 2014ж.

3. Blackmore B.S., Wheeler P.N., Morris R.M., Morris J. & Jones R.J. (1994b) “The Role of Precision Farming in Sustainable Agriculture; Aeuropean Perspektive”// Presented at the 2nd International Conference on Site− Specific Management for Agricultural Systems, Minneapolis USA, March. − 1994.